

Облыстық прокуратура әкімшілік істер бойынша қабылданған шешімдерді зерделеу барысында полиция қызметкерінің әкімшілік өндіріс материалдарын бұрмалау фактісін анықтады.

Нақтырақ айтатын болсақ, жергілікті полиция қызметінің полицейі Д.Амангелдіұлы қызметтік автокөлікпен кезекшілікте жүрген кезінде қаладағы дүкендердің бірінің тұсында тоқтап тұрған «Hyundai Accent» маркалы автокөлігінің ішінде жүргізушісінің сыра ішіп отырғанын байқаған.

Содан жүргізушіні медициналық куәландырудан откізу үшін облыстық наркология орталығына алып барып, «жөніл дәрежедегі» масандығы туралы қорытынды алған. Мұнысымен қоймай, әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелерді бұрмалау мақсатында жүргізушіге қопкабатты үйлердің арасында автокөлікті өзі басқарып кіргізуін талап еткен.- Айтылған талапты орындаған сәтте, полицей автокөлікті тоқтатып, масан күйде басқарғаны үшін әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттаманы толтырған.

Облыстық прокуратурамен сот қаулысын зерделегеннен кейін ЖПК қызметкеріне қатысты материалдар алдымен СДТБТ-не Қылмыстық кодекстің 416-бабының 2-бөлігімен тіркеліп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментіне жолданған. Кейіннен сот үкімімен Д.Амангелдіұлына әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелерді бұрмалағаны үшін ҚР Қылмыстық кодекстің 416-бабының 2-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 жылға бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалған. Ал Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының қаулысымен жүргізушінің әрекетінде құқықбұзушылықтың құрамы болмауына байланысты әкімшілік іс қысқартылған.